СЕЙСЕНБІ №65 (4605)
17.06.2025

# AIQYN

www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti
ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

**ПРЕЗИДЕНТ**

# СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІККЕ СЕРПІН БЕРГЕН САПАР






ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Астанаға сапармен келді.

Қытай көшбасшысы мінген бортты ел шекарасынан елордаға дейін Қазақстан Республикасы Әуе қорғаныс күштерінің ұшақтары алып жүрді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинді Астана әуежайынан қарсы алды. Трапта Құрмет қарауылының ротасы сап түзеді. Мәртебелі мейманға Қазақстан мен Қытай туларын ұстаған жеткіншектер қошемет көрсетті.

Елорда әуежайының терминалында Төраға Си Цзиньпинге балалар қазақ және қытай тілдерінде сәлемдесіп, күтіп алды. Содан соң өнерпаздар қос халықтың ұлттық билерін билеп, ерекше ілтипат білдірді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ақорда резиденциясында Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинді қарсы алды. Бұдан соң мемлекеттер басшылары келіссөз залына барды.

Мемлекет басшысы ҚХР Төрағасымен келіссөз жүргізді. Президенттің айтуынша, ҚХР Төрағасы қазақ жерінде қай кезде де қадірлі қонақ саналған, ал оның бұл жолғы сапары – шынайы әрі мызғымас достығымыздың айқын көрінісі.

– Қытай Халық Республикасы – Қазақстанның тату көршісі, жақын досы және сенімді серіктесі. Сан қырлы қазақ-қытай ықпалдастығы Сіздің жеке қолдауыңызбен мәңгі әрі жан-жақты стратегиялық әріптестік рухында және бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамып келе жатыр. Мұны ерекше ықыласпен атап өткім келеді. Ортақ тарихымызға мұқият үңілсек, елдеріміздің арасында ешқандай түйткілдер немесе тосқауылдар болмаған. Тек қана өзара достық пен ықпалдастық, түсіністік пен жылы лебіздер басым болды. Қытай халқы қазақ халқына ешқандай зиян келтірген жоқ, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы екіжақты қарым-қатынас жылдан-жылға нығайып, жаңа «алтын кезеңге» қадам басқанын мәлімдеді. Достық байланыс екі елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына және халықтардың әл-ауқатын жақсартуға зор септігін тигізіп жатқанына назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасының елімізге сапары оның туған күнімен тұспа-тұс келіп отырғанына ерекше мән беріп, Си Цзиньпинге зор денсаулық, бақ-береке, жауапты мемлекеттік қызметіне толайым табыс тіледі.

– Сізді Қазақстанда аса көрнекті мемлекет қайраткері, халықаралық қоғамдастық алдында зор абырой-беделге ие көреген көшбасшы деп біледі. Еліңіздің қарқынды дамуы Өзіңізбен тікелей байланысты. Сіздің сарабдал саясатыңыздың арқасында Қытай Халық Республикасы әлеуметтік-экономикалық жаңғыру және азаматтардың әл-ауқатын жақсарту ісінде ерен жетістікке жететініне сенімдімін. Біз жаңа тарихи кезеңде өзіне тән ерекшелігі бар социализм негізін қалап жатқан Қытай халқының мол табыстарына шын қуанамыз. Сіздің маған және барша Қазақстан халқына деген құрметіңізді жоғары бағалаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қытайды Қазақстанның тату көршісі және уақыт тезінен өткен сенімді стратегиялық серіктесі деп атады. Мемлекет басшысының айтуынша, екі елдің қарым-қатынасы тұрақты сипатқа ие әрі оған геосаяси сын-қатерлер мен дүрбелеңдер, сондай-ақ халықаралық ахуал теріс әсер етпейді.

– Қытай Қазақстанмен арадағы ынтымақтастығында қандай да бір саяси шарт қоймаған. Біздің егемендігіміз бен қауіпсіздігімізге көрсеткен қолдауыңызды бағалаймыз. Қытайдың бейбітшілік бастамаларын қолдаймыз. Еліңіздің әділ әлемдік тәртіп орнату әрекеттерін қуаттаймыз, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі елдің БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК секілді халықаралық және өңірлік ұйымдар аясында, сондай-ақ БРИКС + және «Орталық Азия – Қытай» форматында жоғары деңгейдегі ықпалдастық орнатқанын атап өтті.

Мемлекет басшысы ҚХР-дың Қазақстанның ең ірі сауда-экономикалық серіктесі екенін еске салды. Былтырғы қорытынды бойынша екіжақты сауда-саттық көлемі 44 миллиард долларға жеткен. Бұл – рекордтық көрсеткіш.

Сонымен қатар Президент мәдени-гуманитарлық саладағы елеулі жетістіктерге тоқталды. Атап айтқанда, елімізде мәдениет орталықтары, Лу Бань шеберханалары, Қытай жоғары оқу орындары мен ғылыми-техникалық орталықтарының филиалдары ашылды. Қазақстан Конфуций орталықтарына қолдау көрсетеді. 2025 жыл «Қазақстандағы Қытай туризмінің жылы» болып жарияланды. Бұл екіжақты ынтымақтастықты тереңдетуге, өзара сенімді нығайтуға септігін тигізеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев атом энергетикасы саласына арнайы тоқталды.

– Біз Қазақстанда бірнеше, тым болмағанда екі-үш АЭС салу туралы шешім қабылдадық. Осы маңызды жобаға ірі компанияларды тартуға қатысты жұмыс жүргізіліп жатыр. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі құрылды. АЭС құрылысы бойынша Қытайдың CNNC компаниясын сенімді стратегиялық серіктес ретінде қарастырып отырғанымызды ерекше атап өткім келеді. Әлемге әйгілі компания біздің нарықта өз орнын табатыны анық. Сонымен қатар Қазақстан Қытайға табиғи уран мен ядролық отын жеткізіп отырған сенімді ел, – деді Президент.

Си Цзиньпин қазақ жерінде көрсетілген сый-құрмет үшін Президентке ризашылығын білдірді. Ол Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен Қазақстан ұлттық жаңғыру жолына түскенін, ел дамуында тың табыстарға қол жеткізіп келе жатқанын атап өтті.

– Тату көрші әрі стратегиялық серіктес ретінде біз Сіздердің жетістіктеріңізге тәнтіміз. Сіздер үшін қуаныштымыз. Қытай мен Қазақстанның қарым-қатынасы құбылмалы әлемнің сынына төтеп беріп, қарқынды дамып келеді. Бұл – тек географиялық тұрғыдан жақындықтың, ғасырларға ұласқан достықтың арқасы ғана емес, елдеріміздің өркендеу жолындағы табиғи сұранысы. Соңғы жылдары бірлескен күш-жігердің нәтижесінде тағдыры ортақ Қытай мен Қазақстан арасындағы ықпалдастық жаңа мән-мазмұнмен толығып жатыр. Бірқатар әлеуметтік маңызы бар жобалардың жүзеге асырылуы қос халыққа айтарлықтай пайда әкелді. Мен Өзіңізбен тізе қосып, Қытай – Қазақстан достығын нығайтуға, өңірдің және жалпы әлемнің дамуына елеулі үлес қосу үшін екі елдің сан қырлы ынтымақтастығын одан әрі ілгерілетуге әзірмін, – деді ҚХР Төрағасы.

Келіссөз барысында екі ел ынтымақтастығының барлық бағыт бойынша перспективасы талқыланды. Байырғы достық пен өзара құрметке арқа сүйеген екі ел басшылары емен-жарқын әңгімелесті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин жүргізген келіссөз нәтижесінде 24 үкіметаралық және ведомствоаралық құжатқа қол қойылды. Екі ел делегациясының мүшелері энергетика, аэроғарыш, цифрландыру, кеден, ауыл шаруашылығы, электронды сауда, туризм, зияткерлік меншік, медицина, медиа, ғылым, өңіраралық байланыс салаларындағы ынтымақтастықты қамтитын құжаттармен алмасты. Олардың ішінде инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау, техникалық-экономикалық ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімдер бар.

**БІЗДІҢ СҰХБАТ**

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІДЕ ЭТИКА БОЛМАЙДЫ

Ғылыми технологиясы озық елдердің болашағы жарқын деп болжанғанымен, есептеу машиналары адами құндылықтарды алмастырса, егер ЖИ адам орнына шешім шығара бастаса, келешек қауіпті болуы мүмкін. Сондықтан қазақтың цифрлық әлемі қандай болуы керек деген сұрақ өзекті. Бұл тұрғыда айтары бар IT ағартушы, ЖИ маманы Тимур Бектұрмен әңгімелескен едік.

→ 5



**МӘСЕЛЕ**

## ҮЛЕСКЕР ДЕ, ҮЙІ ДЕ ЗАҢ ҚОРҒАУЫНДА

Баспана – әр отбасының меншікті жерұйығы, құт ұялаған мекені, төл салты салтанат құрған бақыт сарайы, ұрпағына мұраға қалдырар қара шаңырағы. Халықты баспанамен қамти отырып, мемлекет көп нәрседен ұтады. Үйі бардың әрине, күйі жақсы: елдің әлеуметтік жағдайын жақсартады, қоғамның қолдауын иеленеді.



→ 4




**ДОДА**

## ТАТАМИДЕ ТАЙСАЛМАҒАН АБИБА

Будапеште дзюдодан әлем чемпионаты өтіп жатыр. Екі жылда бір рет ұйымдастырылатын бәсекеге 92 елден 500-ден астам дзюдошы келген. Дүбірлі додада «сен тұр, мен атайын» дейтіні көп. Ел құрамасы үздік 12 спортшысын апарды. Әзірге қоржында Абиба Әбужақынованың күмісі бар. Барған жерінен жүлдесіз қайтпайтын ару тағы да ерледі.

→ 8

17 МАУСЫМ 2025 | СЕЙСЕНБІ

СЕНАТ



# СЕНАТ РАҚЫМШЫЛЫҚ ЖАСАУ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ҚАРАЙДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 19 маусым күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін белгіледі және осы аптада болатын кездесулер мен комитеттердің көшпелі отырыстарында талқыланатын мәселелерді пысықтады.

Бекітілген күн тәртібіне сәйкес, сенаторлар алдағы бейсенбіде «Қазақстан Республикасы Конституциясының отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» заңды қарайды. Заңның басты мақсаты – қылмыстық-құқықтық сипаттағы біржолғы адамгершілік актісін жүргізу. Бұл ретте азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне елеулі қатер төндірмейтін қылмыс жасағандарды ғана қылмыстық жауаптылықтан немесе негізгі жазадан босату туралы сөз болып отырғанын атап өткен жөн. Сондай-ақ сотталғандарға, оның ішінде, пробациялық бақылаудағыларға қатысты жазалаудың өтелмеген бөлігін қысқарту көзделген.

Сонымен қатар палата отырысында «Қазақстан Республикасы кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру, құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін және әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау, сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметі саласында артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қаралады. Құжат ауқымды мәселелерді қамтиды. Сол арқылы заңдарды артық нормалардан босату және заңға тәуелді актілер деңгейінде елде туындайтын өзгерістерге олардың нормативтік реттеу бөлігінде жедел ден қою көзделіп отыр. Атап айтқанда, есірткі құралдарының заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, әскери қызметшілерді әлеуметтік қолдау жөніндегі шараларды күшейту тетіктері және басқа да жаңа нормалар қарастырылған.

Депутаттар бастамашы болған «Қазақстан Республикасы кейбір заңнамалық актілеріне орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттемелеріне кепілдік беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң да Сенат отырысының күн тәртібіне шығарылды. Бұл заң ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнаманы жетілдіруге және құқықтық реттеудегі олқылықтарды жоюға бағытталған. Аталған құжат арқылы орман қоры мен айрықша қорғалатын табиғи аумақтарда ол жерлерге ерекше мәртебе берілгенге дейін де болған әлеуметтік және стратегиялық нысандар мен инфрақұрылымдардың қызметіне қатысты проблемаларды шешу көзделген.

Сондай-ақ депутаттар Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының 2024 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін қарап, алдағы бірлескен жұмыстың маңызды міндеттерін айқындайды.

Іс-шара барысында бюро мүшелері Парламент Мәжілісінен келіп түскен заңдарды жұмыс үшін Сенат комитеттеріне бөліп берді.

ҚАЛҚАН

# АКАДЕМИЯ ТҮЛЕКТЕРІНЕ ДИПЛОМ ТАБЫСТАЛДЫ

Петропавл қаласындағы ІІМ Ұлттық ұланы академиясы түлектерінің 25-ші легіне салтанатты түрде диплом табысталды. Биыл әскери жоғары оқу орнын 200 жас офицер тәмамдады. Олардың қатарында үкіметаралық келісімдер аясында білім алған Тәжікстан Республикасының төрт азаматы да бар.

Салтанатты рәсімге Ұлттық ұланның басшылық құрамы, оқытушылар, қонақтар мен түлектердің ата-аналары қатысты.

Өз сөзінде Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы Аңсаған Балтабеков жас офицерлерге кәсіби біліммен қатар антына адал болу, ерлік пен табандылық таныту қызмет жолындағы басты талаптардың бірі екенін атап өтті.

– Бүгінде Ұлттық ұланға үлкен міндет, орасан зор жауапкершілік артылып отыр. Осы орайда сіздер қиын да күрделі әскери қызметті адал әрі жауапкершілікпен атқаруға дайын болуларыңыз қажет. Әрбір ұландық – елдің тірегі, халықтың қорғаны. Сондықтан батыл әрі абыройлы болыңыздар, әскери антқа адал болыңыздар, – деді генерал-майор Аңсаған Балтабеков.

Шығарылым рәсімінің салтанатты бөлігі әсерлі офицерлік вальспен түйінделді. Одан кейін қонақтар академияның дәстүріне сай тағы бір ерекше оқиғаның куәсі болды. Жас лейтенант Ақниет Дүйсен сап алаңында сүйіктісіне үйлену туралы ұсыныс жасады. Бұл романтикалық қадам барша қатысушылардың ыстық ықыласы мен қошеметіне ие болды.

Академия құрылған күннен бастап бүгінге дейін 4 мыңнан астам кәсіби офицер дайындап, елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге сүбелі үлес қосып келеді.

**Кербез ЕСІМ**



ФОРУМ

# МӘДЕНИЕТ – ӨРКЕНИЕТТЕРДІ ЖАЛҒАЙТЫН АЛТЫН КӨПІР

Астанада «Орталық Азия – Қытай» екінші саммиті аясында өтіп жатқан гуманитарлық форумның жұмысы басталды.




Іс-шараны бас директоры Шэнь Хайсюн мырза бастаған Қытай Медиакорпорациясы мен Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадиокешені ұйымдастырды. Форум жұмысына Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан елдерінің мемлекеттік органдары мен жетекші медиақұрылымдарының басшылары қатысты.

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді.

«Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастық тату көршілік және мәңгі достық рухында дамып келеді. Тереңнен тамыр тартатын шынайы серіктестігіміз бүгінде стратегиялық сипат алып, мүлде жаңа деңгейге көтерілді. Мәдениет – халықтар мен өркениеттерді жалғайтын алтын көпір. Екі елдің бірлігін бекемдеу жолында мәдени-гуманитарлық байланыстар айрықша рөл атқарады. Сондықтан біз, осы бағыттағы өзара ынтымақтастығымызды күшейтуге ерекше мән береміз», – делінген хатта.

Сондай-ақ Мемлекеттік кеңесші Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени-гуманитарлық салаларда жүзеге асырылып жатқан маңызды реформаларға тоқталды.

Ерлан Қарин аталған форум Орталық Азия елдері мен Қытай арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтуға тың серпін беретініне сенім білдірді.

АЙМАҚ

# «ЖАЛЫННЫҢ» ЖАЛЫНДЫ ЖОБАЛАРЫ

Қоғамның белсенділігі мен азаматтық жауапкершілікті арттыруда үкіметтік емес ұйымдардың атқаратын рөлі орасан. Осындай мақсат жолында табандылықпен еңбек етіп келе жатқан Түркістан облысындағы беделді ұйымдардың бірі – «Жалын» қоғамдық бірлестігі. Өңірдегі белсенді азаматтың бірі Құрмет Керімбекова төрағалық ететін ұйым 2004 жылы құрылған. Бүгінде 20 жылдық тәжірибесі бар, Түркістан облысындағы азаматтық қоғамның белді мүшелерінің қатарына енген.



**Назгүл НАЗАРБЕК,**
Түркістан облысы

Алғашында Батыс Тянь-Шань тауларындағы табиғи биоалуантүрлілікті сақтау мақсатын көздеген бірлестік бүгінде экологиялық тәрбие, табиғатты қорғау және жастарды рухани-азаматтық тұрғыдан дамыту бағытында ауқымды жобаларды іске асырып келеді.

Қоғамдық бірлестік соңғы жылдары Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» ұлттық бастамасын насихаттауға ерекше көңіл бөліп келеді. Бұл жоба – тазалық науқаны ғана емес, ел аумағындағы экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған кешенді әлеуметтік әрі саяси бастама. «Жалын» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Құрмет Балқыбекұлы осы жобаны халық арасында кеңінен түсіндіру, қолдау, нақты іспен жүзеге асыру жолында жұмыстар жүргізіп келеді.

– Мәселен, «Таза Қазақстан» бағдарламасының 3 бөлімнен, 60 нақты тармақтан тұратынын көпшілік біле бермейді. Жобаның ауқымын ұғындыру мақсатында Түркістан облысының барлық 17 ауданын аралап, түрлі сала өкілдерімен, ардагерлер кеңесімен, жастар ұйымдарымен, кәсіпкерлермен және жергілікті үкіметтік емес ұйымдармен кездесулер өткіздік. Әрбір кездесу барысында экология мәселелері, оның ішінде тұрмыстық қалдықтарды басқару, жасыл желекпен қамту, су ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері сөз болып, тың ұсыныстар жинақталды. Атқарылған жұмыстың қорытындысы ретінде Түркістан қаласында ірі экологиялық конференция ұйымдастырдық. Шараға облыстық, республикалық деңгейдегі сарапшылар мен сала мамандары қатысты, – дейді жоба авторы.

Ауқымды конвеpенцияға қатысқан Түркістан облысы Экология департаментінің экологиялық бақылау бөлімінің бас маманы Ерлан Тәжі экологиялық заңбұзушылықтар мен қоршаған орта жағдайын баяндаса, Tasbaqa табиғатты қорғау қорының басшысы Юлия Цаугг тасбақаларды сақтау бағытында әлемдік тәжірибеге негізделген ұсыныстарын жеткізді. Облыстық Энергетика және ТКШ басқармасының өкілі Нұржан Байтілеуов ауызсу, қоқыс полигондары және қайта өңдеу ісіне қатысты ақпарат берді. Сонымен қатар «Байтақ» жасылдар партиясының өкілі Ғани Назарбек экотуризм саласындағы мүмкіндіктер мен нақты ұсыныстарын ортаға салды. Одан бөлек, жиында су ресурстарын тиімді пайдалану жайы, қоқысты сұрыптау мен өңдеу саласының тәжірибесі айтылды.

Айта кетейік, бұл конференция өңірдің экологиялық ахуалын жүйелі түрде сараптап, нақты шешімдер қабылдауға жол ашты. Ұсыныстар мен



азаматтардың көтерген мәселелері бірлестіктің келесі жобаларына негіз болмақ.

Сондай-ақ «Жалын» қоғамдық бірлестігі жастармен жұмыс істеуге де ерекше назар аударып келеді. Өскелең ұрпақтың бойында патриотизм, саламатты өмір салты, еңбекқорлық пен кәсіпкерлік қабілеттерін дамытуды басты бағыт еткен бірлестік былтыр TURWorkout жобасын сәтті жүзеге асырды.

Бұл жоба белтемірге тартылу секілді спорттық бағыттағы байқаулар арқылы жастар арасында саламатты өмір салтын насихаттады. Түркістан облысының барлық аудан-қалаларын қамтыған жарысқа 1000-нан астам жас қатысты. Жобаның финалдық кезеңі Түркістан қаласындағы амфитеатрда өтіп, тікелей эфир арқылы көрермендерге жол тартты. Бұл спорт пен азаматтық белсенділікті ұштастырған, жастарға үлкен серпін берген айтулы жоба болды.

17 МАУСЫМ 2025 | СЕЙСЕНБІ

# КЕЛІСІМ мен ДИАЛОГҚА ҮНДЕГЕН КОНФЕРЕНЦИЯ

«AMANAT» және Yeni Azərbaycan жаһандық сын-қатерлер дәуірінде өзара ынтымақтастығын нығайтуда. Әзербайжанның мәдени астанасы – Шуша қаласында «Көпполярлы әлемдік тәртіп: геосаяси аспектілері мен жаһандық сын-қатерлер» тақырыбында халықаралық конференция өтті.



Yeni Azərbaycan партиясы ұйымдастырған форумда әртүрлі мемлекеттің саясаткерлері, сарапшылары мен партия өкілдері бас қосты. Қазақстан делегациясын «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек бастап барды.

Дәулет Кәрібек «Ұлттық егемендік, өңірлік ынтымақтастық және жаһандық қауіпсіздік: жаңа дәуірдің саяси парадигмалары» панельдік сессиясында сөз сөйлеп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықаралық саясаттағы байыпты бастамаларының маңызын, оның жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті нығайтуға, экономикалық және сауда дипломатиясын дамытуға қосқан үлесін атап өтті.

«Келісім мен диалогқа ұмтылыс Қазақстанның сыртқы саясатына ғана емес, еліміздің ішкі саясатына да тән екенін айрықша атап өткім келеді. Қазақстан жаңа дәуірде жаңа даму жолына бет бұрды. Біздің елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен түбегейлі саяси, экономикалық, әлеуметтік реформалар жүзеге асырылып жатыр. Президент реформалары халқымыздың жан-жақты және кең қолдауына ие болды. Қазақстандағы оң өзгерістерді халықаралық ұйымдар мен беделді сарапшылар да мойындап отыр», – деді ол.

«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы халықаралық байланыстарды нығайтудағы саяси партиялардың рөліне ерекше назар аударды. Оның айтуынша, саяси партиялар мемлекеттер мен халықтарды жақындастыруда маңызды рөл атқарады, ал партияаралық диалог мемлекеттер арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді.

Мәселен, былтыр «AMANAT» партиясы мен Yeni Azərbaycan партиясы арасында өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Бұл қадам екі мемлекеттегі саяси партиялардың диалогын жандандыруға жол ашып, мемлекетаралық қатынастардың достық және тату көршілік рухында дамуына серпін берді.

Конференция барысында Дәулет Кәрібек жаһандық сын-қатерлерге тоқталды. Олардың қатарында: халықаралық қақтығыстар санының артуы, климаттың өзгеруі, гуманитарлық апаттар мен технологиялық трансформациялар бар. Сондай-ақ халықаралық деңгейде жастар ынтымақтастығын дамыту, цифрлық өзара іс-қимылды нығайту және гуманитарлық күн тәртібін кеңейту жолдары талқыланды. Қазақстан тарапы «жаһандық сын-қатерлердің алдын алудың жалғыз жолы – ашық диалог пен өзара сенім» екенін атап өтті.

Сонымен қатар Қазақстан делегациясы көрнекті мемлекет қайраткері, Әзербайжанның жалпыұлттық көшбасшысы Гейдар Әлиевтің рухына тағзым етті. Сондай-ақ 1990 жылғы қайғылы оқиғаның құрбандары мемориалына – Шаһиттер аллеясына гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты. Осылайша, Қазақстан тарапы әзербайжан халқының тарихына және табандылығына ерекше құрмет көрсетті.

Айта кетейік, форум жұмысына Беларусь, Болгария, Солтүстік Кипр, Сербия, Тәжікстан, Түрікменстан, Түркия, Өзбекстан және Украина мемлекеттеріндегі саяси партиялардың өкілдері де қатысты.

# ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАП КӨРДІ

Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген Парламент Мәжілісінің депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Мархабат Жайымбетов пен Абзал Құспан Қызылорда қаласындағы бірқатар әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты.



Халық қалаулылары алдымен қайта жаңғыртудан өткен қалалық мәдени-демалыс паркінің жұмысын көрді. Мұнан соң сол жағалауда жаңадан бой көтерген 11 мың орындық жаңа заманауи үлгідегі стадионның құрылысымен танысып, жаңадан ашылған облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, Оқушылар сарайы, Физика-математика бағытындағы мектеп-интернаты, Үстел теннисі орталығы, Қазанғап атындағы музыкалық колледж және «Сыр жұлдыздары» инновациялық-шығармашылық академиясының жұмысын көрді.

Нысандарға тоқталып өтсек, 6 гектарға жуық аумақты қамтитын қалалық демалыс паркін қайта жөндеу жұмыстарына 6,3 млрд бөлінген. Мұнда жаңа аттракциондар қойылып халықтың демалуына барлық жағдай жасалған. Стадионға келсек, жаңа спорт нысаны тек футбол алаңымен шектелмейді. Мұнда бокс, күрес, спорттық гимнастика, ауыр атлетика, таеквондо және фитнеске арналған арнайы залдар қарастырылған. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Заманауи талаптарға сай салынып жатқан нысан жыл соңына дейін пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Ал қасиетті Сыр өңірінің баға жетпес тарихи-мәдени мұрасын сақтау және кеңінен насихаттау мақсатындағы жаңа музей сандық және мультимедиялық технологиялармен жабдықталған. Музейдің 85 жылдық тарихында алғаш рет типтік ғимарат қор сақтау қоймаларымен жабдықталған. Қазіргі уақытта музей қорында 67 613 экспонат сақталған. Музейдің жаңа экспозицияларында аймақтың флорасы мен фаунасы, палеонтология, археология және этнография, Қызылорда облысының экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуы көрсетіледі. 11 залдан тұратын мұражайдың тақырыптық құрылымы, жабдықтары мен безендірілуі жасанды интеллект элементтерін қолдана отырып, 3D модельде жасалған.

350 орынға арналған Оқушылар сарайы заманауи үлгіде бой көтерген. Көпфункционалды кешенде техноорталық, робототехника және өнеркәсіптік дизайн сыныптары бар. Оқушылар экологиялық зертхана, жылыжай, телестудия және шығармашылық үйірмелерінде де білімдерін жетілдіруде. Ал үстел теннисі орталығын салуға облыстық бюджеттен 2,5 млрд теңге және Samruk Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды дамыту қорынан 900 млн теңге қаржы бөлінген. Орталықта 16 үстел теннисі орналасқан ойын алаңы, 350 көрерменге арналған орындар, жаттығу залы мен әкімшілік бөлмелер бар. Мұнда 31 қызметкер жұмыс жасауда.

Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі Сыр топырағында ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан мәдени мұраның, ұлттық өнердің кемелденуіне зор үлес қосып келеді. Бүгінге дейін оқу орны талапқа сай келмейтін ескі ғимаратта қиындықтарға қарамастан, жастарға білім беріп, өнерге баулыған. Жаңа ғимаратта студенттерге барлық жағдай жасалған. Үлкен концерт, би залдары, хор бөлмесі бар.

Кең музыкалық пәндік кабинеттер жаңа заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған. Материалдық-техникалық базасы заман талабына сай келетін 200 орындық жатақхана шалғай елді мекеннен келген жас өрендерді қабылдауға дайын.

«Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академия бір мезетте 500 оқушы, тәулігіне 3 мың оқушыға дейін қабылдайды. Мұнда бассейн, топтық жаттығу бөлмесі, көркем гимнастика және фитнес залы орналасқан. Сондай-ақ үстел ойындарына арналған кабинет, жекпе-жек, үстел теннисі залдары бар. Барлық залда ұлдар мен қыздарға арналған жеке-жеке киім ауыстыру бөлмелері қарастырылған. Көркемдік-эстетикалық бағытта кескіндеме, сурет салу, резин-арт бөлмесі, балалар шығармашылығы шеберханасы, сәндік-қолданбалы өнер, FabLab, дыбыс жазу студиясы, робототехника және жасанды интеллект, биотехнология, 3D модельдеу, КИП және автоматтандыру, киберспорт және математика кабинеттері жұмыс істейді.

Әрбір әлеуметтік нысанның құрылысын көріп, жұмысымен танысқан Мәжіліс депутаттары өңірдегі атқарылып жатқан ризашылықтарын білдіріп, алдағы жұмыстарға сәттілік тіледі.

# ӘКЕЛЕР ФОРУМЫ – ЕР АЗАМАТ ТӘРБИЕЛЕУ БАСТАМАСЫ

Қарағандыда «AMANAT» партиясының облыстық филиалының ұйымдастыруымен Әкелер күніне орай «Әке аманаты» атты аймақтық форум өтті. Шараға шамамен 300-дей әке қатысты. Олардың ішінде педагог, әскери қызметкер, қоғам қайраткері, кәсіпкер, спортшылар бар.




Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Форумды ұйымдастырушылардың бірі – «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалы. Басты тақырып ретінде ұрпақ тәрбиесі, патриотизм, цифрлық қауіпсіздік және нашақорлықпен күрес мәселелері қамтылды. Аталған шара институтты нығайтуға, әке рөлін арттыруға және қоғамдағы ер азаматтардың жауапкершілігін күшейтуге бағытталған ауқымды бастамалардың бір бөлігі болды.

«AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков:

– Бүгінгі форум – жай кездесу емес. Бұл – балаға жолдас, басты тәрбиеші ретінде әкенің беделін қалпына келтіруге қадам. Күшті отбасы – мықты мемлекеттің негізі. Әкелікті қолдау және жауапты ер-азаматтық көшбасшылықты қалыптастыру – біздің басты басымдықтарымыздың бірі. Әке болудың жүгін білуіміз керек, – деді форумды ашар сөзінде.

Интернетке, ұялы байланысқа байланған болашақты тәрбиелеу жолдарының бірі – кітап оқу. Ол үшін не істеуіміз керек? Қайтсек бала қолына кітап алады? Осы туралы республикалық «Оқырман отбасы» байқауының жеңімпазы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің аға оқытушысы Сержан Қожанұлы айтып берді.

– Қой бақсақ та қолымызға кітап ұстап жүретінбіз. Яғни, бала кезімізден сіңген, қалыптасқан кітапты сүйіп оқу, көп мағлұматтар алу. Балаларымызға ертегі оқыдық, кішкентай кезден батырлар жырын оқыдық. Содан кейін балаларымыз да кітапты сүйіп оқиды, жақсы көреді. Сондықтан балаларымызға кітап оқудың пайдасы туралы көп айтуымыз керек. Интернеттің де пайдасы мол, бірақ кітап оқу баланың зейінін ашады, болашаққа қадам басқанда өте қажет болады. Соны ұғынуымыз керек, – деді Сержан Қожанұлы.

Форумда ата-ана тәрбиесімен қатар, қоғамдағы ер-азаматтардың рөлін күшейту, интернеттегі агрессия мен нашақорлыққа қарсы іс-шаралар сияқты тақырыптар да талқыланды. Қатысушылар өз тәжірибелерімен бөлісті, пікірталастарға қатысты. Форумда қоғамда балалармен сенімді қарым-қатынас құру, интернеттегі агрессияға қарсы профилактика, нашақорлыққа нөлдік төзімділікті қалыптастыру, әкенің отбасының отағасы және қорғаушысы ретіндегі рөлі туралы мәселелер қаралды.

«AMANAT» партиясының мүшесі, ABADAN спорт академиясының президенті Нұрлан Калтаев:

– Бүгінде ABADAN спорт академиясында бір жарым мыңнан астам бала 11 спорт түрінен, оның ішінде 4 олимпиадалық пәннен тәрбиеленуде. Академияның қоржынында ушу-саньда, пенчак силат, ММА, панкратион, еркін күрес және бокс сияқты спорт түрлері бойынша 17-ден астам Қазақстанның спорт шебері және 40 спорт шеберлігінен үміткер бар. Сондай-ақ балалар арасында «Спорт – есірткіге қарсы» атты нашақорлықпен күрес жобасы әзірленді. Жастардың нашақорлыққа нөлдік төзімділігін қалыптастыру – біздің басты бағыттарымыздың бірі. Бұл мәселе тек денсаулыққа ғана емес, ұлттық қауіпсіздікке де қатысты. Спорт, тәртіп және ер-азаматтық тәлімгерлік – жастар арасындағы адалдыққа тәрбиелейтін және психологиялық проблемаларға қарсы күшті құрал болуға тиіс, – деді.

Форум соңында «AMANAT» партиясы атынан ризашылық хаттар табысталып, партияға жаңа мүшелерге партиялық билеттер берілді. Бұл іс-шара партия миссиясына сенім мен ер-азаматтардың өз отбасы мен қоғам үшін жауапкершілік алуға дайын екендігінің символы болды.




# ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ – ЕЛМЕН ЕТЕНЕ

Қазақстандықтар маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуде «AMANAT» партиясына сенім артады. Өткен аптада еліміздің барлық өңіріндегі «AMANAT» партиясының Қоғамдық қабылдау бөлмелерінде шамамен 300-ге жуық қабылдау өткізіліп, 1000-нан астам азамат жеке қабылдауда болып, 1 500-ден астам өтініш тіркелді. Өтініштер медицина, әлеуметтік саясат, өңірлерді дамыту және азаматтардың құқықтарын қорғау тақырыптарын қамтыды.

Мәселен, Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Самат Мұсабаевқа астаналық тұрғын жүгінді. Әйелге бүйрек ауруы диагнозы қойылған. Ол трансплантацияны ұзақ күту өміріне қауіп төндіріп тұрғанын айтып, көмек сұрады. Депутат күту тізімінің қалай қалыптасатынын түсіндіріп, медициналық көрсеткіштер бойынша кезекті жылжыту мүмкіндігін қарастыру үшін Республикалық трансплантацияны үйлестіру орталығына жүгінуді ұсынды. Сонымен қатар ол Денсаулық сақтау министрлігіне жүгінуде партиялық қолдауды қамтамасыз етуге дайын екенін жеткізді.

Сондай-ақ депутаттың қабылдауында Түркістан облысының тұрғыны аудандық әкімдік (Жетісай ауданы) өткізген тендер барысында ереже бұзылғанын мәлімдеді. Оған тендер қорытындысына шағымдану тәртібі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдарға арыз беру жолдары мен сотқа жүгіну мүмкіндіктері егжей-тегжейлі түсіндірілді.

Бұдан бөлек, Маңғыстау облысындағы медицина саласының жүйелі мәселелері де көтерілді – атап айтқанда, мамандар мен құрал-жабдықтардың тапшылығы сөз болды. Кездесу қорытындысы бойынша, нақты проблемалар тізімі қамтылған ұжымдық өтініш әзірлеу ұсынылды. Бұл құжат депутаттық сауал дайындау және оны Денсаулық сақтау министрлігі мен жергілікті атқарушы органдарға жеткізу үшін пайдаланылатын болады.



Сондай-ақ азаматтарды қабылдауды «AMANAT» партиясының Хатшысы Эльдар Жұмағазиев те өткізді. Қабылдау барысында ауыл шаруашылығын дамыту, отандық өндірісті қолдау және шағын бизнесті өркендету секілді мәселелер қозғалды. Мәселен, елордалық азамат бюджет қаражаты есебінен жүзеге асатын жобаларда қазақстандық тауарларды пайдалану басымдыққа ие болуға тиіс деген ұсыныс білдірді. Оның айтуынша, бұл ішкі нарықты нығайтып, жаңа жұмыс орындарын ашуға және экономиканың дамуына серпін бермек.

Ал Абай облысының зейнеткері ауыл шаруашылығы саласында бизнес ашу үшін несие алу жолын сұрап келді. Ол бұл қаражатты жеке пайда үшін емес, немерелерінің болашағы үшін сенімді негіз қалыптастыру мақсатында пайдаланғысы келетінін айтты. Эльдар Жұмағазиев оның белсенді азаматтық ұстанымына алғысын білдіріп, «Ауыл аманаты» бағдарламасының шарттарын түсіндіріп, өңірлік жобалық кеңсеге жүгінуге кеңес берді. Сондай-ақ жергілікті партия филиалынан өтініш әзірлеу және тапсыру бойынша көмек сұрауға болатынын жеткізді.

Басқа өтініштердің қатарында 2016 жылғы 1 қаңтардан кейін зейнетке шыққан күштік құрылымдар қызметкерлеріне базалық зейнетақы төлемдерін қайтару мәселесі де болды. Алматы қаласының тұрғыны бұл санаттағы азаматтардың әлеуметтік әділеттілік қағидаты бойынша өз құқықтарын қорғап жатқандарын жеткізді. Оған қолданыстағы нормалар түсіндіріліп, депутаттардың қатысуымен уәкілетті органдарға ұжымдық өтініш жолдау үшін бастамашыл топ құру ұсынылды.

МӘСЕЛЕ

# ҮЛЕСКЕР ДЕ, ҮЙІ ДЕ ЗАҢ ҚОРҒАУЫНДА

Баспана – әр отбасының меншікті жерұйығы, құт ұялаған мекені, төл салты салтанат құрған бақыт сарайы, ұрпағына мұраға қалдырар қара шаңырағы. Халықты баспанамен қамти отырып, мемлекет көп нәрседен ұтады. Үйі бардың әрине, күйі жақсы: елдің әлеуметтік жағдайын жақсартады, қоғамның қолдауын иеленеді. Сондай-ақ экономикаға серпін береді: құрылыс ел экономикасы өсімінің басты бір драйвері! Әйткенмен, мұнда үлескерлер проблемасының ушығуына ұрынбау маңызды. Өмірге жолдама алған жаңа заң – осының қамы.

**Елдос СЕНБАЙ**



Елдар ҚАБА *(коллаж)*

### ИГІЛІК ҮШІН ДЕ ТЫЙЫМ ҚАЖЕТ

Ел Парламенті депутаттар бастамашы болған «Кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу, автомобиль жолдары және мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды түпкілікті қабылдады.

Сенат оны 12 маусымдағы отырысында бірден екі оқылымда шұғыл қарап, мақұлдады. Бірақ заңнамалық түзетулердің біраз жаңалығы болғандықтан, нарық, жауапты мемлекеттік құрылымдар, бұқара мен бизнес дайындалып үлгеруі үшін «өтпелі кезең» белгіленді. Яғни, заң оған Президент қол қойып, ресми жарияланған соң күнтізбелік 60 күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

– Мақұлданған заң үлестік құрылыс саласында мемлекеттік реттеуді күшейтеді. Негізгі мақсат – тұрғын үйге қатысты жасалатын келісімдердің ашықтығы мен қауіпсіздігін арттыру. Үлескерлердің құқықтарын қосымша қорғауды қамтамасыз ететін түзетулер топтамасы енгізілді. Жалпы, заң үлескерлерді сенімсіз құрылыс компанияларынан қорғауға, басқа да өзекті мәселелерді шешуге оң септігін тигізеді деп сенеміз, – деді Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев.

Үлескерлерді жаңаша қорғау және нарықты ретке келтіру үшін заң келесі жаңашылдықтарды енгізеді: біріншіден, үлескерлік қатысу туралы келісімдерді тек қағаз күйінде ғана емес, электронды нысанда да бекітуге рұқсат етеді. Қос құжаттың заңдық күші бірдей болады. Бұл, мысалы, өзге өңірде тұратын қазақстандықтарға, тіпті шетелдіктерге келмей-ақ, қашықтан айталық, Астанадан пәтер сатып алуына жол ашады. Бұл ретте бір пәтерді бірнеше адамға сату сияқты сорақылық қайталанбауы үшін әрбір келісімшарт бірыңғай ақпараттық жүйеде – «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың бірыңғай ақпараттық жүйесінде» (Қазреестр) міндетті түрде тіркелуге тиіс болады. Екіншіден, әрбір үлескерлік қатысу келісімшартында компанияның үлескерлердің ақшасын тарту үшін алған рұқсатының нөмірі мен датасы міндетті түрде көрсетілуге тиіс. Көрсетілмесе, ондай келісім жарамсыз болуы мүмкін. Үшіншіден, құрылысқа рұқсаты жоқ немесе Бірыңғай оператордан кепілдік алынбаған тұрғын үй кешендеріндегі баспананы сатып алуға ипотекалық заемдар беруге және төлемдер қабылдауына қатаң тыйым салынады. Төртіншіден, рұқсат құжаттарынсыз салынып жатқан және үлескер тартуға рұқсаты жоқ үйлерде тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды сатып алуға байланысты алдын ала шарттар жасасуға тыйым салынады. Сондай-ақ қазірде кең танымал алдын ала шарттар, инвестициялау, брондау, цессия және тағы басқа шарттар жасасуға тыйым салынады. Бұл қарапайым қазақстандықтарды пәтерді «котлован» кезеңінде арзандау сатып алу мүмкіндігінен айырмақ. Бесіншіден, әкімдіктің рұқсаты немесе бірыңғай оператордың кепілдігі болмаған жағдайда құрылысы жүріп жатқан тұрғын үй кешенін тіпті жарнамалауға тыйым салынады. Алтыншыдан, заңсыз табылған, қылмыстық және лас қаражаттарды заңдастыруға тосқауыл қою үшін бұдан былай үлескерлік қатысу келісімшарттары бойынша бүкіл ақша операциясы тек қана қолма-қолсыз нысанда жүргізілуге тиіс болады. Қазіргідей сөмке толы шытырлаған ақшамен келіп, оны құрылыс компаниясының кассасына енгізе салуға тыйым салынады. Жетіншіден, келер жылдан бастап, салушыларға көп пәтерлі үйдің іске қосылу мерзімін 5 айдан артық ұзартуға рұқсат етілмейді. Қазіргі кезде 9 айға дейін ары ысыруға жол беріледі. Заң талаптары шағын қабатты құрылысқа, соның ішінде жеке үйлерге де таралады.

### ЕСЕПТІЛІК АРТЫП, БАҚЫЛАУ КҮШЕЙЕДІ

Сонымен бірге, қалпымен олигополия жайлаған, алыптар үстемдік еткен салада бәсекелестікті арттыру үшін тұрғын үй салғысы келетін компаниялардың «жұмыс өтіліне» қойылатын ең төменгі талаптар 5 жылға тәжірибеден 3 жылға дейін азайтылды. Бұдан басқа, салынып жатқан тұрғын үй нарығында үлескерлердің ақшасын тартудың заңдылығына жергілікті әкімдіктің де мониторинг жүргізуі көзделген.

Мұның сыртында, азаматтарды ақпараттандыруды арттыру үшін жаңа мекеме – «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ базасындағы Үлескерлерді қолдау орталығы құрылады. Ол келушілерге мысалы, қандай да бір құрылыс компаниясының қаншалықты адал екенін тексеріп, кеңес-консультация беруге тиіс.

Еліміздің құрылыс саласы халықты баспанамен қамтамасыз етуде, жұмыс орындарын ашуда, іскерлік ортаны қалыптастырып, бизнес-белсенділікке зор ықпал етеді. Мұнда тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу тетігі айрықша әлеуметтік маңызға ие. Ол мыңдаған қазақстандыққа тұрғын үй мұқтаждығын өтеуге мүмкіндік беріп, тиімділігін дәлелдеді. Алайда қазіргі сынқатерлерді, салушылардың жосықсыз тәжірибесін, реттеудің жеткіліксіздігін ескеріп, депутаттар тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы заңнамалық базаны жетілдіруге бағытталған заңды әзірлеген еді.

– Бұл заң аясында енді құрылыс компаниялары 3 бағыт бойынша, яғни әкімдіктерге, екінші деңгейлі банктер арқылы рұқсат алуда және «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ арқылы жергілікті билікке есеп беруге міндеттеледі. Мысалы, Астанада 20 тұрғын үй қатар салынып жатса, ондағы құрылыстың барысы анық көрініп тұрады. Бұл жерде тек қаржылық жағы емес, жобалық-сметалық құжаттамада қандай да бір ауытқу болса, ол да жария болады. Мысалы, 200 пәтерлік тұрғын үйдің 100 пәтері сатылып кетсе, бірақ оның құрылысы жүрмей, төртінші, бесінші қабатқа келгенде тоқтап қалса, оны «Қазреестр» арқылы әкімдіктегілер көріп-біліп отырады және үлескерлердің шулауын күтпей, дер кезінде шара қолданады, – деді Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Самат Мұсабаев.

Жалпы, «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заңының қабылданғанына 19 жылдан асты. Осы жылдары оған 35 рет өзгеріс енгізіліпті. Алайда алаяқ түгіл, ірі құрылыс холдингтері де құрылысты заңсыз жүргізудің, яғни заңнаманы айналып өтіп азаматтармен алдын ала шарттар жасасудың түрлі әдіс-айласын меңгеріп алды. Бір жағынан, болашақ үлескер құрылыс компаниясымен емес, әлдебір агенттікпен, бөгде фирмамен алдын ала шарт, брондау, инвестициялау және тағы басқа келісімге отырады.

**Екінші жағынан, «бөтен» фирма құрылыс компаниясының кеңсесінде жұмыс істейді, клиентте бір сұрақ пайда болса, дереу салушының менеджерімен не заңгерімен ақылдасуға жүгіреді. Ендеше мыңа заң күшіне енген соң да жосықсыз компаниялар тағы бір түрде шарт жасасудың жаңа схемаларын таппайтынына Үкімет кепілдік бере ме?**

Екінші жағынан, «бөтен» фирма құрылыс компаниясының кеңсесінде жұмыс істейді, клиентте бір сұрақ пайда болса, дереу салушының менеджерімен не заңгерімен ақылдасуға жүгіреді. Ендеше мыңа заң күшіне енген соң да жосықсыз компаниялар тағы бір түрде шарт жасасудың жаңа схемаларын таппайтынына Үкімет кепілдік бере ме?

### АЛДАНҒАН ҮЛЕСКЕРГЕ КІМ АРАША?

– Ондай қарау тірліктерге тосқауыл қою үшін біз депутаттардың үлескерлердің ақшасын заңсыз тарту бойынша шарт жасасуға жол бермеуді қарастыратын Азаматтық кодекске ұсынылған түзетулерін толық қолдадық. Сол арқылы құрылыс компаниялары үлескерлердің ақшасын заңсыз тарта алмайды және тиісті шарттарды тек заңды түрде қабылдауға мәжбүр болады! Сондай-ақ барлық шарт әкімдіктерде және Qazreestr.kz электронды порталында тіркелуге тиіс. Бұл бір пәтерді екі-үш адамға қатар сатудың алдын алады. Бұл заң жаңа проблемалы объектілердің пайда болуына және үлескерлердің алдануына жол бермейді, – деп сендірді Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Қуандық Қажкенов.

Әзірге «үй аламыз» деп бар жиған-тергенін баспанаға салып алданған үлескерлердің саны азаймай тұр. Басқасын айтпағанда, елорданың өзінде пәтерлерді заңсыз сатқан, құрылысы аяқталмай орта жолда тұралап қалған 51 проблемалық объект бар екен. «Қазақстан Тұрғын үй компаниясының» мәліметі бойынша, Қазақстанда рұқсатсыз үлескер тартқан тұрғын үй нысандарының саны – 263. Тек 1 034 тұрғын үй кешенінің үлескер тартуға рұқсат құжаттары толық. Заңсызы сүріледі.

